

**Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына радиоэлектрондық құралдарды және азаматтық түпмақсаттағы, соның ішінде басқа тауарларға кіріктірілген не құрамына кіретін жоғары жиілікті құрылғыларды әкелу туралы ережеге № 2 қосымшаға өзгерістер енгізу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 24 ақпандағы № 18 шешімі

Үшінші елдерге қатысты тарифтік емес реттеу шаралары туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 7 қосымша) 4 және 37-тармақтарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына радиоэлектрондық құралдарды және азаматтық түпмақсаттағы, соның ішінде басқа тауарларға кіріктірілген не құрамына кіретін жоғары жиілікті құрылғыларды әкелу туралы ережеге № 2 қосымшаға мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) мынадай мазмұндағы 2<sup>1</sup>-тармағымен толықтырылсын:

"2<sup>1</sup>. Магнитті-резонансты томографтар, мына радиожілілік жолақтарында жұмыс істейтін магнитті-резонансты томографтар жүйесі:

13 560 кГц +/- 1,0 % немесе 13 424 – 13 696 кГц;

14 600 кГц +/- 1,72 % немесе 14 348 – 14 852 кГц;

40,68 МГц +/- 1,0 % немесе 40,2 – 41,1 МГц;

63,8 МГц +/- 1,26 % или 62,90 – 64,61 МГц;

81,36 МГц +/- 1,0 % немесе 80,5 – 82,2 МГц;

127,7 МГц +/- 0,63 % немесе 126,8 – 128,51 МГц.";

б) 3-тармақтың 9-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) құрамында радио сәулелендіруші құрылғылар жоқ, соның ішінде басқа құрылғыларға кіріктірілген не құрамына кіретін радио қабылдау құралдары;"

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*М. Мясникович*